

**"Билет сатып алып, 500 000 бонус ұтып алыңыз"
 науқанын өткізу ережелері**

1. "Билет сатып алып, 500 000 бонус ұтып алыңыз" науқанын өткізудің осы ережелерінде (бұдан әрі – "Ережелер") "Билет сатып алып, 500 000 бонус ұтып алыңыз" науқанын (бұдан әрі - "Науқан") өткізу тәртібі мен талаптары айқындалады.

Науқан жеңімпаздары Ереже талаптарына сәйкес анықталады.

2. Науқанды ұйымдастырушы Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Қонаев көшесі 56 мекенжайында орналасқан "Еуразиялық банк" АҚ (БСН 950240000112) (бұдан әрі – "Банк") болып табылады.

3. Науқан "Ойын бизнесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңына және "Лотереялар және лотереялық қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес мағынасы мен анықтамасы бойынша құмар ойын және/немесе лотерея болып табылмайды.

4. Науқанға қатысу үшін ақы алынбайды.

5. Науқанға 18 (он сегіз) жасқа толған, Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылатын, Ережелердің барлық талаптарын тиісті түрде орындаған Банк шығарған төлем карточкаларын ұстаушы жеке тұлғалар (бұдан әрі - "Қатысушы") қатыса алады.

Науқанға келесілер қатыса алмайды:

- 1) Банк қызметкерлері;
- 2) Қазақстан Республикасының бейрезиденттері, оның ішінде тұруға ықтиярхаты бар тұлғалар;
- 3) Банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар.

6. Науқанды өткізу кезеңі: 2025 жылғы 6 ақпан күні Астана қ. уақыты бойынша 00 сағат 00 минуттан бастап 2025 жылғы 6 наурыз күні Астана қ. уақыты бойынша 23 сағат 59 минутқа дейін (бұдан әрі – "Науқан кезеңі").

7. Банк кинокөрсетілімнің ротациялау кезеңіндегі ықтимал өзгерістерге байланысты Науқан кезеңін өзгерту құқығын өзіне қалдырады. Фильмнің ротациясы кезеңі Банктің шешіміне байланысты болмайды.

8. Науқанның негізгі талаптары:

1) Банк шығарған төлем карточкаларын ұстаушылар (бұдан әрі – "ТК ұстаушылар") "Арамызда Стамбұл" фильміне (бұдан әрі - "Фильм") билетті Фильмнің ротациясының бүкіл кезеңі ішінде Банк шығарған төлем карточкасы арқылы төлейді;

2) бұдан әрі ТК иелері Instagram әлеуметтік желісіндегі өздерінің жеке парақшаларына алынған фильм билетінің фотобейнесі бар сторис шығарады және Банктің – @eurasianbank, кинопаркнің (кинотеатрдың) account – @tiger_films_kz, @aramyzda_stambul ресми есептік жазбасын (профилін) (бұдан әрі – "account") белгілейді;

3) шығарғаннан кейін ТК ұстаушыларына Банкінің account-ты @eurasianbank-тен келген жеке хабарламамен (direct-те) Қатысушының реттік нөмірі беріледі және олар автоматты түрде 500 000 (бес жүз мың) бонустық негізгі жүлденің, сондай-ақ саны 5 (бес) жиынтықтан тұратын қосымша жүлделердің (олар: брендтелген рюкзак, термос, ұшаққа арналған жастық, худи, саяхатқа арналған несессер) Ұтыс ойынының қатысушыларына айналады. Науқан кезінде Қатысушының account-ы ашық болуы керек.

9. Реттік нөмірлері берілген Қатысушылар арасынан бас және қосымша жүлделердің жеңімпаздарын анықтауды Банк 2025 жылғы 11 наурызда Астана қ. уақыты бойынша сағат 15:00-де Instagram әлеуметтік желісіндегі Банктің account-тында тікелей эфирде <https://www.random.org/> (интернет-ресурс) сайты арқылы кездейсоқ таңдау жолымен жүргізеді.

Әрбір жүлде бойынша (бас және қосымша) негізгі жеңімпаздар Науқан талаптарын тиісті түрде орындамаған жағдайда іске асырылатын 5 (бес) қосалқы жеңімпаз таңдалады.

10. Банк жеңімпаздарды ұтыс туралы Instagram әлеуметтік желісіндегі Банктің @eurasianbank account-нан жеке хабарлама (direct-ке) жіберу арқылы хабардар етеді.

11. Егер жеңімпаздар Банктің хабарламасына 2 (екі) жұмыс күні ішінде жауап бермесе немесе жүлдеден бас тартса, Банк бірінші қосалқы жеңімпазбен байланысады, ал бірінші қосалқы жеңімпазбен байланысу мүмкін болмаған немесе ол жүлдеден бас тартқан жағдайда екінші қосалқы жеңімпазбен байланысады және ары қарай жалғастырады.

12. Негізгі және қосымша жүлделерді ұтып алған жеңімпаздарға жүргізілген транзакцияларды растау үшін Банктің жеке хабарламасына жауап ретінде Банктің сатып алу туралы SMS-хабарламасының скриншот-бейнесін/билетті сатып алу туралы чекті (скриншот немесе фотосурет)/Банктің ұялы қосымшасынан үзінді көшірмені жіберу қажет.

13. Жеңімпаздар Instagram әлеуметтік желісіндегі Банктің @eurasianbank account-нан тиісті суреттерді алу туралы растауын алғаннан кейін Ережелердің 12-тармағына сәйкес жеңімпаздар 3 (үш) жұмыс күні ішінде жеке басын куәландыратын құжаттарымен бірге Алматы қ., Абай к-сі, 42 мекенжайындағы Банктің офисіне, Карточкалық және төлем бизнесінің жауапты қызметкеріне келулері қажет. Жеңімпаз Қазақстан Республикасының басқа қаласында болған жағдайда, жеңімпаз Банктің жақын жердегі филиалына (жеңімпаздың тұрғылықты жері бойынша) келіп, филиал қызметкеріне (менеджеріне) жеке куәлігін көрсетуі қажет.

14. Банктің жауапты қызметкері жеңімпаз ұсынған жеке басын куәландыратын құжаттың негізінде жасалған транзакцияны Way4 жүйесінде қайта тексереді. Транзакция расталғаннан кейін Банктің жауапты қызметкері негізгі жеңімпазға 3 (үш) жұмыс күні ішінде 500 000 (бес жүз мың) бонус есептейді және басқа жеңімпаздарға қосымша брендтелген сыйлықтарды табыстайды.

15. Банк жеңімпаздармен Ереженің 10 - тармағында көрсетілген тәсілмен ғана байланысады.

16. Жеңімпаз жүлдені Банкке тәуелді емес кез келген себептер бойынша ала алмағаны үшін Банк жауапкершілікте болмайды.

17. Банк жеңімпаздар алған жүлделердің одан әрі пайдаланғаны үшін жауапты болмайды.

18. Егер Банк жариялаған жеңімпаз Ереженің 12-тармағында көрсетілген талаптарды орындамағаны себебінен жүлдені алмаған жағдайда, оны ол қайта талап ете алмайды.

19. Негізгі жүлде – 500 000 (бес жүз мың) бонус ақшамен берілмейді (есептелмейді).

20. Банк Науқанның мерзімдерін, талаптарын, жүлде қорының құрамын кез келген уақытта толықтыруға және/немесе өзгертуге, сондай-ақ Науқанның өткізілуін тоқтатуға, уақытша тоқтата тұруға, жоюға, бұл туралы Науқанға Қатысушыларды және барлық мүдделі тұлғаларды Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамаға сәйкес Банктің ресми сайтында ақпарат жариялаумен құқылы.

21. Ереженің 8-тармағының талаптарын орындаған Банктің төлем карточкасын ұстаушы автоматты түрде Науқанға Қатысушы болады.

22. Жүлдені қабылдауға келісе отырып және өзінің дербес деректерін ұсына отырып, Қатысушы Банктің Қазақстан Республикасының "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Заңына сәйкес Науқанды өткізудің барлық мерзіміне және ол аяқталғаннан кейін 3 (үш) жыл ішінде өткізу мақсаттары үшін дербес деректерді жинауды, жүйелеуді, жинақтауды, сақтауды, нақтылауды (жаңартуды, өзгертуді), алуды, пайдалануды, таратуды, оның ішінде дербес деректерді трансшекаралық беруге және жалпыға қолжетімді көздерде таратуға, сондай-ақ иесіздендіруді, бұғаттауды, жоюды қоса алғанда ұсынылған дербес деректерді өңдеуге өзінің келісімін растайды.

23. Науқанға қатысу Банктің Қатысушының дербес деректерін Науқан өткізу мақсатында қажетті кез келген тәсілдермен және осы Ережелерде көзделген тәртіппен өңдеуге Қатысушының келісімін еркін және саналы ерік білдіруі (келісімі) болып табылады.

24. Ережелердің мақсатында дербес деректер деп тікелей немесе жанама түрде айқындалған немесе айқындалатын жеке тұлғаға (дербес деректер субъектісіне) қатысты кез келген ақпарат түсініледі.

25. Науқанға Қатысушының өз құқықтарын, оның ішінде Науқанға қатысуға байланысты жүлдені алу құқықтарын үшінші тұлғалардың пайдасына беруге құқығы жоқ.

26. Науқанға Қатысу Науқанға Қатысушының Ережелермен танысқанын және келісетінін білдіреді. Ережелермен келісу толық және сөзсіз болып табылады.

27. Науқанның барлық нәтижелері, сондай-ақ Банктің шешімдері түпкілікті болып табылады және шағымдануға жатпайды.

28. Ережелерде көзделмеген жағдайларда түпкілікті шешімді Банк қабылдайды.

29. Банк келесілерге жауапты емес:

1) Қатысушылардың Науқанға қатысуға және жүлделерді алуға байланысты міндеттерді орындамауы (уақтылы орындамауы);

2) Қатысушылардың Ережелермен таныс болмауы;

3) Қатысушылардан электрондық хаттарды, қоңырауларды, факсимильді және/немесе электрондық хабарламаларды, оның ішінде почта қызметінің, байланыс ұйымдарының кінәсінен, Интернет желісіндегі техникалық проблемалар және/немесе алаяқтық және/немесе Науқан өткізу кезінде пайдаланылатын байланыс арналарының нәтижесінде алмауы;

4) Науқан жеңімпаздарынан Жүлделерді алу үшін қажетті құжаттарды және/немесе мәліметтерді алмауы (уақтылы алмауы);

5) Науқан жеңімпаздарынан жүлделерді беру үшін қажетті байланыс деректерін және/немесе өзге де мәліметтер мен құжаттарды толық емес және/немесе қате алу.

30. Науқанға қатысуға, ұтыс ойындарын өткізуге, жеңімпаздарды анықтауға, жүлделерді және басқа да мәселелерді анықтауға байланысты қандай да бір сұрақтар туындаған кезде Науқанға Қатысушы Instagram әлеуметтік желісіндегі Банктің @eurasianbank account-на жеке хабарлама жіберу арқылы Банкке хабарласуға құқылы.